

2015 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 543 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда № 5249 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес, Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар анықталсын:
 - 1) та бы сы аз адамдар;
 - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
 - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
 - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
 - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
 - 7) мүгедектер;
 - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
 - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
 - 10) оралмандар;
 - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
 - 12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
 - 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;
 - 14) терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар;
 - 15) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
 - 16) "Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыздар ретінде тіркелген лайықты жұмысы жоқ
а д а м д а р .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Л и с а к о в

қаласының әкімі

М. Жүндібаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК